

Бекітемін:  
«Әсем» бөбекжай  
балабақша менгерушісі  
\_\_\_\_\_ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру үйімі (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдаурен» Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Ермек Мадина Сәрсен Жұлдыз				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	03.10-07.10.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сұзгі: балалардың терісін, дene қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

	(сөйлеуді дамыту)				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кенес беру</b>	Ата-аналармен әрбір баланың ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындығы және ұйымдастырылған іс-әрекетке керекті заттар жайлы әңгімелесу.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты: балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлыштарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсаты: балаларды сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бұктеу кезінде дәлдікке үйрету.	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыныз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу.	"Кір сұлгілерді ауыстыру". Мақсаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сұлгіні жеке ұшыққа іліп қоюды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шуберекпен сұрту және киімді орнына мұқият бұктеу. Еңбеккорлыққа, тәртіпті көре білуге. Ұжымдағы тату-тэтті еңбек етуге үйрету.
	<b>Үстел үсті ойыны. "Лото. "Ұл бала мен қыз бала киімдері".</b>	<b>Саусақ жаттығуы.</b> Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп	<b>"Сақина" ойыны.</b> Мақсаты: балаларды зеректікке, ептілікке,	<b>"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.</b>	<b>"Ұй құрастырамыз" құрастыру ойыны.</b>

	<p>Мақсаты:</p> <p>балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу.</p> <p>- Кімге не қажет? Қыз бала мен ұл балаға киім тандау.</p> <p>"Қатарға тұрып билейік" жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: балаларды жаттығу барысында ырғакқа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зерек болу қабілеттерін, вестибуляр</p>	<p>айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту.</p> <p>Жалғыз саусақ тіпті де,</p> <p>Ұстай алмас жіпті де.</p> <p>Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті.</p> <p>Үш саусағым орамды,</p> <p>Жұғіртеді қаламды.</p> <p>Өнерлі еken он саусақ!</p> <p>Қала салсақ, жол салсақ.</p> <p><b>"Қайда барсан – соны табасың" дидактикалық ойны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу.</p> <p>Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе</p>	<p>шапшаңдыққа, үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Бастаушы шенбер ішіне, ал балалар шенберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек балалардың алақанын ашып, байқатпай біріне беруге тырысады.</p> <p>Балалар бастауышының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шенбер ортасына</p>	<p>Мақсаты:</p> <p>байланыстырып сейлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру.</p> <p>Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелуе,</p> <p><b>Саусақ жаттығуы.</b></p> <p><b>"Ыдысты қалай жуамыз?".</b></p> <p>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету)</p>	<p>Мақсаты:</p> <p>балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту.</p> <p>Балалар құрылым материалдардан түрлі үйдерді құрастырады.</p> <p>Құралдары: құрылым материалдар жинақнамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары.</p> <p><b>"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балалардың көліктер</p>
--	--	---	---	--	---

	<p>аппаратын дамыту. Жаттығуды көнілді әуен жазбасын қосып өткізуге болады.</p> <p>Қатарға тұрып билейік,</p> <p>Мүшелерді көрсетейік:</p> <p>Басты оң-солға бұрып,</p> <p>Қос иықты көтерейік.</p>	<p>оыйнышқтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады.</p> <p>Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек.</p> <p>Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, онға тағы екі қадам.</p> <p>Жоғары қол көтеріп, Бұлғап, тәмен түсірейік.</p>	<p>жүгіріп шығады да, бастаушы болады.</p> <p>Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді.</p> <p>Ондай жағдайда ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады.</p> <p><b>Көркем сөзді жаттау жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: тақпақтың мазмұнын есте сактап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркем сөзге деген қызығушылықты арттыру.</p> <p>""Бақшада"".</p> <p>Көнілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек.</p> <p>Ойнаймыз аулада, Тәбеміз әткеншек.</p> <p>Шешеміз жұмбақ та,</p>	<p>Жеңімізді кезегімен түреміз. (Женди түргенге еліктеу)</p> <p>Колға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау)</p> <p>Уқалап, жуып береміз.</p> <p>Кесе - екі қос алақандай,</p> <p>(Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету")</p> <p>Шұңғыл алтын айдай.</p> <p>Колға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру)</p> <p>Айналдырып, жуып береміз.</p>	<p>туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, үйимшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Құралары: жук машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, женіл машина т.б.</p> <p>Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін кимылмен</li> <li>көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей кимылдар жасаймыз, аспанда үшса -</li> </ul>
--	---	---	---	--	---

	Д. Ахметова."Құрылыш ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "құыршақтарға арналған үй".		Жаңылтпаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. Б. Кірісбаев."	Д. Ахметова.	қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады.
<b>Таңертенгі жаттығу</b>	<p>1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде</p> <p>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады;</p> <p>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол көкірек тұсында</p> <p>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады</p> <p>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып аяқ бірге, дene бос, қол төменде</p> <p>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады</p> <p>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып аяқ алشاқ, дene бос, қол көкірек тұсында</p> <p>4.1. Қолдарын жандарына созады;</p> <p>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады)</p> <p>5. Бастапқы қалып аяқ бірге, дene бос, қол төменде</p> <p>5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу</p> <p>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b></p>				
<b>Танғы ас</b>	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасығы мен шай қасығын, шанышқыны); майлышты ұқыпты пайдалану; наанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)				

	<p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Міне — қасық, міне — ас. Еш нәрсені қалмас.</p> <p>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуда болады.</p>				
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p>«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шенберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.</p> <p>ҚР Президенті, ҚР Реміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау.</p>	<p>«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызыңға тілейміз! (Шенбер күрып, қайталайды).</p> <p>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу.</p>	<p>- Сәлем, саған, ыстық жерім! Сәлем, саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі!</p> <p>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу.</p>	<p>- Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам.</p> <p>Алтын күз жайлы әңгімелесу.</p>	<p>Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын.</p> <p>Жапырақтар туралы әңгімелесу.</p>
<b>Білім беру үйымының кестесі</b>	<b>Дене шынықтыру</b> "Күзгі жолдар	<b>Қазақ тілі</b> Қазақ тілі "Күз	<b>Дене шынықтыру</b> "Еңкіс тақтайдың	<b>Музыка</b> "Күзге ән арнайық".	<b>Дене шынықтыру</b> "Тақтай үстімен біз

<b>бойынша</b> <b>ұйымдастырылған</b> <b>іс-әрекет</b>	<p>үстіндегі ойындар". Мақсаты: балаларды кіші және үлкен қадаммен жүгіру; тақтайда көлденеңінен еңбектеуге үйрету. "Көнілді еңбекте" қимылды ойыны.</p>	<p>мезгілі. Алтын күз". Мақсаты: балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімді сөздер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру. Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. "Күз" тақырыбына мнемокесте бойынша әңгіме құрай. Фонемо-ырғакты жаттығу "Бұлтқа". Өлеңді мәнерлеп оқу "Алтын күз".</p> <p><b>Музыка</b> "Күз"</p>	<p>үстімен жүрелеп журу". Мақсаты: балаларды сапта дене қалпын тік үстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға үйрету. "Чемпион" қимылды ойыны.</p>	<p>Мақсаты: балалардың музыканы тындаі білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тындаі отырып, сипатын ажыратса білуге үйрету. "Төмен және жоғары дыбыстар" музыкалық-дидактикалық ойыны.</p>	<p>қалай жүре білеміз". Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); он және сол қолымен көлденең нысанана (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруға үйрету. "Кім шақырғанын анықта!" ойыны.</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>Мақсаты: балаларды күз туралы әнді тындағы отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғактарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.</p> <p>Дидактикалық ойын: "Балақан да алакан".</p>		
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атаяын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау</b> )		
<b>Серуенге дайындық</b>	<p>Мақсаттары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- киімді дұрыс бұктең салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машиқтандыру;</li> <li>- өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру;</li> <li>- шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелу;</li> <li>- аяу райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу;</li> <li>- көмек көрсете білуге, алғыс айтуда тәрбиелу.</li> </ul> <p>(<b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b>)</p>		

<b>Серуен</b>	<p><b>Күн-жылу мен жарық көзі.</b>          Мақсаты: күн-жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктіліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу.          Күнге қарап, сұрақтарға жауап беруді ұсыну.          - Күнге қарағанда, өзінді қалай сезінесің?          - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме?          Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды.</p>	<p><b>Желді бақылау.</b>          Мақсаты: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру.</p> <p><b>"Тұтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік"</b>  <b>жаттығуы.</b>          Педагог әрбір баланың алдына тұтікше мен лентаны (қағаздан қылған жолақ та жарайды) береді.</p> <p>- Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, тұтікшеден желді үрлеп шығарамыз.</p> <p>- Мен "жел қатты</p>	<p><b>Суды бақылау.</b>          Мақсаты: балаларға сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттерін жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екендігіне көз жеткізу; ұғымталдыққа тәрбиелеу.</p> <p><b>Бақылау барысы.</b>          Судың қасиеттеріне көніл аудару.</p> <p>Су әртүрлі температурада болады: мұздай сұық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).</p> <p>Су қүннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су</p>	<p><b>Мысықты бақылау.</b>          Мақсаты: балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машиқтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға, деген</p> <p>Бақылау барысы.</p> <p>Судың қасиеттеріне көніл аудару.</p> <p>Су әртүрлі температурада болады: мұздай сұық (тоңазытқыштан мұздар текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда).</p> <p>Су қүннің көзінде ысыйды. Ыстық күнде бассейнде су</p>	<p><b>Аспанды бақылау.</b>          Мақсаты: балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсас екендігін байқауға машиқтандыру; ой-қиялын, зейнін, бақылау қабілетін дамыту.</p> <p>Көркем сөз. "Аспанда". Аспан малға толып кетті -</p> <p>Бұлттар түлік болып кетті:          Бір бұлт шықты ешкі болып,          Бір бұлт шықты мешке болып.</p> <p>Бір бұлт шықты бие болып,</p> <p>Бір бұлт шықты түйе болып,</p> <p>Бір бұлт шықты</p>
---------------	---	---	---	---	---

	<p>Біраз уақыттан кейін, балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылы екеніне көз жеткізеді. Күн көзінде зат қызатынына қорытынды жасау.</p> <p><b>Еңбек тапсырмалары:</b> <b>кіші топ</b> <b>балаларына ойын аумақтарын</b> <b>жинауға көмектесу.</b></p> <p>Мақсаты: жасы кішіге көмектесуге үмтүлуға үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Ақ сүйек" қымыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Ойын мақсаты: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машиқтандыру;</p>	<p>соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіндер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер тұтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіндер.</p> <p><b>Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан курап түскен ұсақ бұтақтарды жинау.</b></p> <p>Мақсаты: аула сыпырышуға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>"Әткеншек" қымыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды бірігіп, шенберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі</p>	<p>тез қызады. Тоғандағы, өзендеңі, көлдегі су қызады, сондықтан жазда адамдар шомылуға барады.</p> <p><b>"Шәйнектен қандай сүйиқ құйылды?" жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сүйиқ құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял, сөйлеу қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Балалар, шайды біз сүйиққа жатқызамыз.</p> <p>Шәйнектен тек шай сүйиғы ғана</p>	<p>Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Б. Соқпақбаев</p> <p><b>Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап, шығару.</b></p> <p>Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p><b>"Мысық пен тышқан" қымыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машиқтандыру; шыдамдылыққа, үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойынға қатысуышылар шенбер</p>	<p>шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып.я К. Мырзалиев</p> <p><b>Еңбек әрекеті: ағаштарғы құргақ бұтақтарды жинау.</b></p> <p>Мақсаты: құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту.</p> <p><b>"Қу тұлқі" қымыл-қозғалыс ойыны.</b></p> <p>Мақсаты: балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен - тұлқі!” сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу.</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелуе. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.</p> <p>"Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал ақсүйекті іздендер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп</p>	<p>бойынша, шенбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелуе. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп, Шенберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.</p> <p>Педагог барлық</p>	<p>құйылмайды, сол сүйиқтарды қалай білетіндерінді көрейік.</p> <p>Педагог балаларға шәйнектен қандай сүйиқтың құйылғаны туралы сұрайды.</p> <p>Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - қара шай, бесіншісінен - лимонад.</p> <p>Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады.</p> <p>Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады.</p> <p><b>"Ақ серек, көк серек" қимыл- қозғалыс ойыны.</b></p>	<p>құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шенбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады.</p> <p>Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шенбер жасай жүріп сөздерді айтады:</p> <p>- Мысығымыз момықай,</p> <p>Жүреді аулада андамай.</p> <p>Тышқан көрсе - бас салады!</p> <p>Кім тышқанды құтқарады?</p> <p>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды"</p>	<p>Балалар кіші шенберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуі-педагог балаларды шенбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл тұртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "ку тұлкі" болып саналады.</p> <p>Ал ойыншы-балалар болса, жан- жақтарына қарап: "Кү тұлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрган "ку тұлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "ку тұлкіден" қашып</p>
--	---	--	--	---	---

<p>беруі керек.</p> <p>Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек.</p> <p>Сонда ақ сүйек өзіне беріледі.</p> <p>Сейтіп, ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады.</p> <p><b>Жабдығы:</b> ақ сүйек.</p> <p><b>"Өрт сөндірушілер оқуда" ойныны.</b></p> <p>Мақсаты: қабыргаға өрмелуеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту.</p> <p><b>Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңда шығарылған материалмен ойындар.</b></p>	<p>балалардың бірынғай қимылдауын қадағалап журу керек. Шенбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шенбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды менгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.</p> <p>Әрбір бала қимылдау кезінде шенбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шенбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p><b>"Шұңқырдан аттап секіріп өт"</b></p> <p><b>қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр</p>	<p>Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жеделдеп жүгіруге бауулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту.</p> <p>Ойын ашық алаңда өткізіледі.</p> <p>Ойынға</p> <p><b>"Шұңқырдан аттап секіріп өт"</b></p> <p><b>қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады.</p>	<p>куалап кетеді.</p> <p>Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады.</p> <p>"Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды.</p> <p>Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп жату - басты міндеті.</p> <p>"Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.</p> <p><b>"Кім қапшаны алыс лактырады?"</b></p>	<p>құтылу керек. "Құтлікі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады.</p> <p><b>"Үш табан" қимыл-қозгалыс ойны.</b></p> <p>Мақсаты: балаларды мергендікке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағылданыру.</p> <p>Ойынға үш-төрт бала қатыса алады.</p> <p>Ойынды алаңынң бірнеше жерінде бірнеше топ балалар үшін ұйымдастыруға болады.</p> <p><b>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</b></p>
---	---	---	---	---

	<p>"Шенберді дәлде". Мақсаты: нысананаға дәлдеп тигізуге жаттықтыру.</p> <p><b>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</b></p> <p>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>	<p>аппаратын, күш-жігерін дамыту.</p> <p><b>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды.</b> Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.</p> <p><b>"Жыланша"</b> қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің сонынан бағыттарды өзгертіп,</p>	<p>Бізден сізге кім керек?</p> <p>Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады.</p> <p>Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады.</p> <p>Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беру тиіс.</p> <p><b>"Жыланша"</b> қимылды ойын-жаттығуы.</p> <p>Мақсаты: бастаушының және бір-бірінің сонынан бағыттарды өзгертіп,</p>	<p><b>жаттығуы.</b></p> <p>Мақсаты: балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қашықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.</p> <p><b>Еркін ойындар:</b></p> <p><b>шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.</b></p>	<p>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>
--	--	---	---	--	--

		<p>тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру.</p> <p><b>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар.</b></p> <p>Мақсаты: қимыл- қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>	
Серуеннең оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>		
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамактану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>		
Құндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>		
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру; Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>		

<b>Бесін ас</b>	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарau және тағы басқа әрекеттер)</b>	<b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.</b> "Күз туралы тақпакты құрастыру". Мақсаты: балаларда тақпак, өлең туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру, көркем сөз ұлгісінің қара сөзден айырмашылығын таныту; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістері, құбылыстарды пысықтау. Жаттымақ жаттығуы. "Күз сұық, сары көйлекті". <b>Сюжеттік-рөлді ойын: «Шаштараз».</b> Мақсаты: балаларды	<b>Сурет салудан ойын-жаттығу</b> "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсүі". Мақсаты: балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояп, қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетіне күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. Дамытуши жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?". <b>"Жүгіріп қағып ал"</b>	<b>Математика негіздерінен ойын-жаттығу</b> "Күзгі жапырақтар шоқтары". Мақсаты: балалардың жапырақ пішінін қою бояумен бояп, қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетіне күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. Дамытуши жаттығу. "Күзгі бояу". <b>Дидактикалық ойын "Басқаша айт".</b> Мақсаты: жалпылама ұғымдарды бекіту (мұғалім балаға допты лақтырып, жалпы ұғымды атайды, бала допты	<b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Алтын күз". Мақсаты: балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпакты мұқият тыңдауға үйрету. Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды ажырат". <b>Театрды сахналау.</b> "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. <b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу</b> Мақсаты: жалпылама ұғымдарды бекіту (мұғалім балаға допты лақтырып, жалпы ұғымды атайды, бала допты	<b>Құрастырудан ойын-жаттығу</b> "Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат". Мақсаты: балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қаракүмықтан саңырауқұлақтың түбіргегін, құрмадан саңырауқұлақ орналасқан шөпті құрастыруға үйрету. <b>«Балықшы».</b> Мақсаты: алған білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі

	<p>шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын ұнемі тарап әдемілеп жүргүгө үрету. Шаш өрудін әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу.</p>	<p><b>қимылды ойыны.</b> Балалар ойын аланында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты лақтырады да өзі қағып алыш: «Қаға алмадындар қайта жүгіріндер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар сонына еріп жүреді.</p>	<p>кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел)</p> <p><b>Коршаған ортамен танысадан ойын-жаттығу</b> "Алтын жапырақ". Мақсаты: балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру. Дидактикалық ойын: "Жапырақтарды түсіне қарай топта".</p>	<p>отырып, сомдай біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануға үрету.</p>	<p>аквариумнан балықтарды аулап алады да, балық қандай түсті екендігіне айтады.</p>
--	--	--	--	---	---

<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<p><b>«Әдемі кілемшелер».</b>  Ойынның мақсаты:  бөліктерден кілемшеше жасауға үйрету;  қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту;  ұйымшылдыққа тәрбиелеу.  Ойынның құрал-жабдықтары:  қағаздан жасалған кілемшелер,  геометриялық пішіндер.  Ойынның мазмұны:  балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.</p>	<p><b>Жаңылтпаш жаттайық.</b>  1) Доп деп,  Дөп теп.  2) Қапыда ит қапты,  Қатты қапты,  Қапты қатты.  3) Қырқада қырық арқар бар.  Қырық арқарда ақ арқар бар.  Алты арқарда марқа арқар бар.</p>	<p><b>Кел, жазайық.</b>  Мақсаты:  тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сзықтарды салу білігін бекіту.</p>	<p><b>Артикуляциялық жаттығу.</b>  1) Ара болсан, ызында  3-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж  Жұмыс істе, тығылма.  - Ара қалай дыбыстыайды?  (з-з-з) - қатты\жай  2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – курекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызындарды маса.</p>	<p><b>10-ға дейін кері қарай санауды бекіту.</b>  Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажыратып, білуге үйрету.</p>
<b>Серуенге дайындық</b>	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуен</b>	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулар.				
<b>Серуеннен оралу</b>	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				

<b>Кешкі ас</b>	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты таусыып жеуге үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар.</p> <p>Еркін ойындар.</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.</p> <p>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.</p> <p><b>Театрландырылған қойылым.</b></p> <p>"Алма" ертегісі</p> <p>Мақсаты: балалар жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, есте сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту.</p> <p>Керекті құрал-жабдықтар.</p> <p>Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (коян, қарға, аю, кірпі).</p> <p>Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады.</p> <p>Балалар өз қалауы бойынша кейіпкерлерді таңдайды, кейін кейіпкерлер костюмдарын киіп, өз орындарына барады.</p> <p>Басынан автор рөлін педагог өзі алады.</p> <p>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға түрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртіс-балалар, көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мадақтауларға ие болады.</p> <p>Соңында педагог балалардан, шығарманың олай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді.</p>				
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	«Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың	«Отбасымен серуендеу» атты тақырыбында көрме үйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме үйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай үйымдастырамыз" тақырыбында ата-

	арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.			аналарға кенес.
--	---	--	--	-----------------

Әдіскер: **А.А.Сулейменова**